

Исламның пайда болуы мен діни
нанымы.

Исламның қоғамдық және саяси мұрат
тұтуы




Дайындаған: Дарушканов Р.К
Тексерген: Бухметова А.А

Ислам дінінің пайда болуы

Әлемдік діндердің ең жасы - Ислам діні біздің заманымыздың **609-639** жж. аралығында (VII ғасыр) шығыс пен батыс өркениетінің тоғысып жатқан Араб түбегінде пайда болды.




- Ислам діні ортағасырлық Араб халқын ұйыстыруға, жаңа саяси құрылым «**халифаттың**» орнығуына, біртұтас ел қалыптастыруға, әлемде «**мұсылман үмбеті**» деп аталатын жаңа қауымның түзілуінде маңызды факторға айналды.
- Ислам дінінің негізгі ұстанымдары: Құран кітап пен Мұхаммед пайғамбардың өнеге етіп қалдырған іс-амалдары (суннеті).






- Мәліметтер бойынша, Хазірет Мұхаммедке (с.а. с.) пайғамбарлық ақыл-ойы кемелденген 40 жасында қонған екен. Осы елшілік міндетті 610 жылы Рамазан айында Хира тауының басында Жаратушының үкімдерін пайғамбарларға жеткізуші Жәбрейіл періште жеткізген делінеді (алғашқы аяттардың түсірілгені туралы аңызбен толықтыру).

- Ислам дінінің 622 жылы мұсылмандар Меккеден Мединаға көшіп келегеннен кейін таралуы қарқынды күш алды. Медина қаласы Ислам дінінің бүкіл мұсылман әлемінің қасиетті мекеніне айналды.
- (Шариғат, Ислам дінінің бес парызы, Күәлік сөзі (кәлима шәхада), Намаз, Қағба, Иман шарттары, Төрт үлкен періште туралы түсінік беріледі). Халқының ежелден ұстанатын діні - ислам.



Исламның таралу аймағы

- VII ғасыр. Ислам дінінің аумағы Араб түбегін қоса алғанда Солтүстік Африка, Пиреней түбегі, Месопотамия, Иран, Ауғанстан, Кавказ аумағы, Орталық Азия мен Үндістанның солтүстігіне дейін жеткен.
- Ислам дінінің ұстанушылар саны шамамен 2 млрд-қа жуық.
- 90%-ы Сунниттер.
- Шииттер Иран мен Ирак аймағында ғана кездеседі.
- 120 –дан астам елде Ислам діні таралған.
- Сенушілер әлемінің 35 мемлекеті халқының басым бөлігін құрайды.
- Әлемнің 28 елінде ресми дін болып жарияланған.
- Халықаралық мұсылмандық сипаттағы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар:
- 1966 жылы Меккеде құрылған Ислам әлемі Лигасы
- 1969 жылы Ислам конференциясы ұйымы
- 1973 жылы құрылған Еуропаның Ислам Кеңесі ұйымы





- Араб әлемі елдерін ұйыстырушы саяси ұйым Араб мемлекеттерінің лигасы **1945** жылы құрылды. Ұйымның құрылтайшылары **Мысыр, Сирия, Трансиордания (Иордания), Ирак, Ливан, Сауд Арабиясы**. Құрамына **22** мемлекетті біріктіретін аталмыш ұйым мүшелерін ұйыстырушы негіз – араб тілі, ислам діні, тектік негіз және тағдыр ортақтығы. Ислам діні мен шариғат нормалары бұл елдерде өмір салттық ұстаным және діни құндылықтар жүйесін құрайды. Ливаннан өзге елдерде ислам мемлекеттік дін ретінде жарияланған. Бұл елдердің тарихына көз жүгіртсек, бұрынғы Осман империясының араб өлкелерінде бірінші дүние жүзік соғыстан кейін араб бірлігі үшін күрес жаңа тарихи жағдайда араб халықтарын ұлт азаттық жолында күресіне түрткі болды.



- **1951** жылы Мұхаммед ал-Ғазали ислам діні адамзатты коммунизм мен капитализм кұрсауынан кұтқаруы тиіс деп санады. Ғазали өз ілімін «**Ислам социализмі**» деп атады. Ислам социализмі таухид пен адамзат бауырластығына негізделуі тиіс. Мұсылмандық шығыстағы қоғам және саяси қайраткерлердің көзқарастарына мұсылман реформаторларының идеялық ұстанымдары ықпал етті





- 1958 жылы христиан және мұсылман қауымдары арасындағы алауыздық азаматтық соғысқа алып келді. Елдегі жағдайды тұрақтандыру үшін АҚШ әскері ел аумағына енді. Діни қайшылық 1975 жылы Ливанда мұсылмандар мен христиандар арасындағы текетірестің туындауына себеп болды. 1990 жылы Таиф келісіміне қол қою нәтижесінде елде қантөгіс тоқтатылды.

- 1990-1991 жылдардағы Парсы Шығанағындағы соғыс араб әлеміндегі дүрдараздықты тағы да дәлелдеді. Сауд Арабиясы, Мысыр, Сирия, Марокко анти Ирактік коалицияны құрды, ал Йордания, Йемен, Ливия бейтарап позиция ұстанды.



- Пәкістан ислам республикасында ислам діні мемлекеттік дін болып табылады. **Генерал Зия-ул-Хак** тұсында федералды шариғат соты ел заңдарын ислам құқығы мен құндылықтарына сәйкес келетіндігіне қатысты шешім шығаруды қолға алды. Пәкістанда діни топтар саяси билікке ықпал ету тетігін қолдарына алған. Бұл елде сунниттер мен шииттер, сунниттер мен ахмадиялар арасында жанжалдар жиі орын алады.



- 2003 жылы АҚШ бастаған НАТО әскері Иракқа қарсы соғыс әрекетін жүргізуі араб әлеміндегі ағайындық пен ынтымақтықтың жоқтығын дәлелдеп өтті. 2008 жылы Дамаскіде өткен Араб мемлекеттері басшыларының саммитінде Ливия төңкерісінің көсемі араб елдері басшыларын шынайы түрде бірігуге шақырып, аймақтық одақ құруды көздеді. Муамар Кадаффи аймақ елдері үшін ортақ валюта – динарды енгізуді ұсынды. Кадаффи араб мемлекеттері арасындағы алауыздық – араб әлемінің әлсіздігінің түпкі себебі деп атап көрсеткен болатын.




- 2011 жылы Джакарта қаласында сунниттік-шииттік діни кеңес құрылды. Кеңестің қызметі сунниттік-шииттік бағыттар арасындағы келісімді нығайтуға бағытталған.



- Малайзияда ислам діні мемлекеттік дін болып саналады. Ел Конституциясында барлық малайлықтар этникалық тегі жағынан мұсылман болып табылады. Елде діни сенім бостандығы жарияланған. Ел халқының 61 пайызы мұсылман, 20 пайызға жуығы буддистер, 9 пайыз христиан, индуизм дінін ұстанушылар 6 пайызды құрайды.



- Елбасының 2011 жылы маусым айында Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында сөйлеген сөзінде, исламның қайырымдылық пен бейбітшілік, әділеттілік дін ретіндегі позитивті бейнесін бірге жасауға тиіспіз деп атап көрсетті. Сонда-ақ мұсылман әлемі елдері үшін технологиялық, ғылыми және экономикалық даму тұрғысынан модернизациялау үдерісі қажет екендігіне назар аударды.





- Ислам әлеміндегі дін мен саясат арақатынасы елдердегі халықтың ділі мен салт-дәстүрі негізінде қалыптасқан. Сондықтан да, ислам әлемін құрайтын елдердегі дін мен мемлекеттің арақатынасын зерттегенде нақты жағдайды есепке алып, жүйелі талдау жүргізуді қажет етеді.